



010000, Астана қ., Бейбітшілік к-сі, 11 үй
тел: 55-66-31, 55-66-37, факс: 55-72-94

010000, г. Астана, ул. Бейбитшилтик, 11
тел. 55-66-31, 55-66-37, факс. 55-72-94

№
2017.12.27 № 7 ге

**Тұрақты комиссияның
2017 жылғы 27 желтоқсандағы
қаулысы**

**Жергілікті және құқық қорғау
органдарының тұрмыстық
зорлық-зомбылықтың алдын алу
жөніндегі жұмысын ұйымдастыру туралы**

Астана қаласы мәслихатының әлеуметтік-мәдени даму мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы «Жергілікті атқарушы және құқық қорғау органдарының тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу жөніндегі жұмысын ұйымдастыру туралы» ақпаратын тыңдап және талқылап, қалада тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алуға бағытталған нақты жұмыс өткізілетінін хабарлайды.

Дағдарыстық орталық (бұдан әрі – Орталық) ашылды, ол «Арнайы әлеуметтік қызметтер туралы» Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 29 желтоқсандағы Заңына сәйкес әзірленген стандарттарға сәйкес қызметін жүзеге асырады. Әлеуметтік қорғаудың осы мамандандырылған мекемесі тек қана мемлекеттің қарамағына жатады және 50 кереуеттік орынға арналған. Орталықты қаржыландыру жергілікті бюджет есебінен жүзеге асырылады, штат саны 38 адамды құрайды. Бір қызмет алушыға арналған орташа айлық шығын 127,5 мың теңгені, орташа сөткелік шығын 4113 теңгені құрайды. Орталықта болу мерзімі арнайы комиссияның шешімі бойынша 1 айдан 6 айға дейін.

Әлеуметтік бейімсізденуге және әлеуметтік депривацияға әкеліп соққан зорлыққа шалдыққан адамдар, оның ішінде тұрмыстық зорлық-зомбылыққа шалдыққан адамдар стационарда әлеуметтік-тұрмыстық, медициналық, психологиялық, экономикалық және құқықтық көмек алады. 2013 жылдың 1 қарашасынан бастап орталық 810 қызмет алушы қабылдады, 2017 жылы 309 адам келіп түсті.

Орталықта әлеуметтік көмек алу нәтижесінде 69 адам өз отбасыларымен бірікті, 96 адам құқықтық мәселелер, алимент міндеттемелері, айырылысу ісі

бойынша кеңес алды, тұратын жерлері бойынша тіркеліп, құжаттарын қалпына келтірді.

Елордалық құқық қорғау органдары әйелдерге қатысты қылмыстарға жол бермеу және алдын алу, сондай-ақ тұрмыстық қылмыстықты және оның өсуін тұрақтандыру бойынша мақсатты жұмыс өткізуде.

Ағымдағы жылы учаскелік полиция қызметкерлері тұрмыстық зорлық-зомбылық жасаған адамдарға қатысты 3451 қорғау ұйғарымын шығарды, және құқық бұзушылардың жүріс-тұрысына 57 ерекше талап қойды. Отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласындағы құқыққа қарсы іс-қимылдар үшін 407 адам, қорғау ұйғарымын бұзғаны үшін – 108 адам әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықпен байланысты құқыққа қайшы іс-әрекеттер жасауға ықпал ететін себептер мен шарттарды анықтау мақсатында полицияның учаскелік инспекторларымен бірлесіп «Қадағалау», «Участок», «Құқық тәртібі», «Шарты түрде» атты алдын алу іс-шаралары өткізіледі.

Азаматтар арасында, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында ақпараттық, білім беру, құқықты түсіндіру және тәрбиелеу жұмысы өткізіледі. Ағымдағы жылы оқу орындарында және өзге де ұйымдар мен мекемелерде 106 кездесу мен сабақтар өткізілді, әйелдер мен балаларға қатысты зорлық-зомбылық және кемсітушілік мәселелері бойынша 16500-ден астам брошюра, буклет, визиткалар таратылды.

Қаланың көшелерінде және қоғамдық көлік аялдамаларында әйелдерді тұрмыстық зорлық-зомбылықтан қорғау бойынша бөлімшелердің, сондай-ақ дағдарыстық орталықтардың сенім телефондары көрсетілген «Отбасыдағы зорлық-зомбылыққа жол берме!» деген сөздермен 14 билборд пен 44 щит орналастырылған. Астана қаласының Ішкі істер департаментінің веб-сайтында ақпарат жүйелі түрде жаңартылады.

Әлеуметтік-медициналық-психологиялық тәуекел факторлары бар қолайсыз отбасыларға әлеуметтік патронаж өткізу мақсатында 6035 адам тұратын орны бойынша тексерілді.

Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алуды қамтамасыз ету мәселелерінде елорда ауқымында және оның шегінен тыс жерлерде мемлекеттік және қоғамдық ұйымдармен, волонтерлармен ведомствоаралық іс-қимылға ерекше назар аударылады.

Сонымен қатар, әлеуметтік-мәдени даму мәселелері жөніндегі тұрақты комиссия жергілікті атқарушы және құқық қорғау органдарының зорлық—зомбылықтың алдын алу бойынша жұмысы жетілдіруді қажетсінетінін атап өтті.

Дағдарыстық орталыққа көмек алу үшін жүгінетін адамдар санының өсу проблемасы назар аударуды қажетсінеді. Солай, 2013 жылы 9 қызмет алушы, 2014 жылы – 110, 2015 жылы – 148 адам, 2016 жылы – 234 адам, 2017 жылы – 309 адам қабылданды, оның ішінде 105 –әйелдер, 204 – балалар.

Тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарының ең жоғары саны балалар құрайтыны үрейлендіреді. Қызмет ету сәтінен бастап қабылданған 810 адамның 534 – балалар.

Ағымдағы жылдың желтоқсан айындағы жағдай бойынша Орталықтың 53 қызмет алушысының 36-сы балалар болып табылады: 0-ден 3-ке дейінгі жаста – 10, 3-7 жас аралығында – 12, 7-18 жастағы – 14.

Әйелдерге қатысты қылмыс жасаудың негізгі себептері отбасыдағы қолайсыз жағдай, оларда тұрақты жұмыс орыны болмауы болып табылады. Көптеген жағдайда неке заңды түрде тіркелмеген болып шықты.

Даулар тұрмыстың жағдайсыздығынан, ақшаның жетіспеушілігінен, ерлі-зайыптылардың бірусеуінің ішімдікке, құмар ойындарға салынуы салдарынан жиі болады.

Ағымдағы жылдың басынан бастап отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласында 6 адам өлтіру және 10 денсаулыққа ауыр зиян келтіру фактілері тіркелді. Әйелдерге қатысты ауыр қылмыс жасауға ықпал ететін маңызды себептердің бірі бірге ішімдік ішу және есірткілік заттар қолдану және қылмыскерлердің басқа қылмыстың іздерін жасыру болып табылады.

Жоғарыда жазылғанның негізінде, мәслихаттың әлеуметтік-мәдени даму мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. «Жергілікті атқарушы және құқық қорғау органдарының тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу жөніндегі жұмысын ұйымдастыру туралы» ақпараты мәліметке алынсын.

2. Астана қаласының әкімдігіне, «Астана қаласының Жұмыспен қамту, еңбек және әлеуметтік қорғау басқармасы» ММ, Астана қаласы Ішкі істер департаментінің Жергілікті полиция қызметіне Қазақстан Республикасының отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласында жасалатын қылмыстар мен құқық бұзушылықтың алдын алуға бағытталған нормативтік құқықтық актілері мен нормативтік құжаттар талаптарын сақтау жұмысын жандандыру ұсынылсын.

Тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарының жүгінген кездерінде әйелдер мен балаларға қатысты қылмыстардың алдын алу және болдырмауға бағытталған шұғыл және өзара келісілген іс-әрекеттерді қамтамасыз ету бойынша шара қолданылсын.

Балалардың құқықтарын және қорғалуын қамтамасыз ету, «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық патриоттық идеясының рухани-адамгершілік құндылықтарын, салауатты өмір салтын нығайтуға, қоғамның рухани-адамгершілік құндылықтарын арттыруға ықпал етілсін.

Ана мен баланы қорғауға, ата-аналардың балаларын тәрбиелеу үшін жауапкершілігін арттыруға бағытталған қызмет жетілдірілсін.

Отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа жол бермеу және алдын алу бойынша түсіндіру жұмысына тарту мақсатында қоғамдық ұйымдардың, оның ішінде әкелер, аналар, ақсақалдар, қоғамдық бірлестіктер кеңестерінің ролін жандандыру.

3. «Астана қаласының Білім басқармасы» ММ өсіп келе жатқан ұрпақты интеллектуалды және рухани дамыту, балаларда отбасылық өмірдің оңтайлы салтын қалыптастыру бойынша тәрбие жұмысын күшейту ұсынылсын.

4. «Астана қаласының Денсаулық сақтау басқармасы» ММ «Астана қаласында салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығы» ЖШС-ның қызметін қаланың тұрғындарында салауатты өмір салтын қалыптастыруға және темекі шегуге, есірткі заттары мен алкогольге тәуелділіктен босатуға бағдарлау ұсынылсын.

5. «Астана қаласының Мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасы» ММ отбасылық құндылықтар мен дәстүрлерді ілгерілету, мәдени-ағартушылық, мәдени-көпшілік іс-шаралар арқылы ұрпақтардың сабақтастығын сақтау жөніндегі жұмысын күшейту ұсынылсын.

6. «Астана қаласының Ішкі саясат басқармасы» ММ БАҚ, әлеуметтік желілер, әлеуметтік жарнамалар арқылы халықтың әйелдерді зорлық-зомбылықтың барлық түрлерінен қорғау бойынша мемлекеттің әрекеттегі шаралары туралы, сондай-ақ балаларға қатысты құқыққа қарсы іс-қимылдар жасаған ата-аналар мен адамдардың жауапкершілігі туралы хабардар болуын арттыру ұсынылсын.

«Астана қаласының Дене тәрбиесі және спорт басқармасы» ММ бірлесіп қоғамның ажырамас бөлігі, отбасы үшін қолжетімді және пайдалы демалыс ретінде дене шынықтыру мен спорттың ролін насихаттауды күшейтсін.

7. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы мәслихатының әлеуметтік-мәдени даму мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

**Астана қаласы
мәслихатының әлеуметтік-мәдени
даму мәселелері жөніндегі
тұрақты комиссиясының
төрағасы**



М. Шайдаров